

Алға ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдау схемалары мен тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 02 желтоқсандағы № 481 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 13 қаңтарда № 4674 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 6 наурыздағы № 99 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық әкімдігінің 06.03.2019 № 99 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Занының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі " Автомобиль көлігі туралы" Занының 14 бабы, 3 тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес Алға ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

Алға ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдау схемалары осы қаулының 1, 2, 3 қосымшаларына сәйкес бекітілсін;

Алға ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептеріне тасымалдау тәртібі осы қаулының 4 қосымшасына сәйкес бекітілсін;

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Джалилғаспаевқа жүктелсін.


3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алға ауданының әкімі

A. Шериязданов


Алға ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 02 желтоқсандағы № 481 қаулысына № 1 қосымша

Ақсазды ауылы елді мекенінде тұратын балаларды Нұрбұлақ ауылында орналасқан Шибаевка орта мектебіне тасымалдау схемасы




Алға ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 02
желтоқсандағы № 481 қаулысына № 2
қосымша

**Токман сай ауылы елді мекенінде тұратын балаларды Қайнар ауылында
орналасқан Токман сай орта мектебіне тасымалдау схемасы**



Алға ауданы экімдігінің 2015 жылғы 02
желтоқсандағы № 481 қаулысына № 3
қосымша

Подхоз елді мекенінде тұратын балаларды Алға қаласында орналасқан № 1 мектеп бақша және №2 орта мектепке тасымалдау схемасы



Алға ауданы экімдігінің 2015 жылғы 02 желтоқсандағы № 481 қаулысына № 4 қосымша

Алға ауданының шалғайдығы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептеріне тасымалдау тәртібі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Алға ауданының шалғайдығы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі Қазақстан Республикасының "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 14-бабына, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушының 2015 жылдың 26 наурыздағы № 349 бүйрүгімен бекітілген, Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларына сәйкес әзірленген және

Алға ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдау тәртібін (әрі қарай-Тасымалдау тәртібі) айқындайды.

2. Балаларды тасымалдау тәртібі

2. Балаларды тасымалдау қолданыстағы заңнама және осы Тасымалдау тәртібі талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

Ұйымдастырылған балалар топтарын тасымалдауға арналған автобустар сары түсті жарқылдауық маякпен жабдықталады. Бұл автобустардың алдына және артына "Балалар тасымалы" деген таным белгісі орнатылады.

Автобус шанағында тасымалданатын балалардың саны орындық санынан аспауы тиіс.

3. Оқу орындарында тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызуудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

4. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтындей жеткілікті үлкен болуы тиіс.

Аландарда жайластырылған өту жолдары болуы және жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасуы тиіс.

Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

Күзгі-қысқы кезеңде аландар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

5. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты тұрде (айна кемінде бір рет) тексереді.

6. Балалар топтарын 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдау, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр және басқалар) рұқсат етілмейді.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алғып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге деруу хабарлауы керек.

7. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетіледі. Кестенің өзгеруі туралы тасымалдаушы тапсырыс берушіге хабарлайды, ол балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша шаралар қабылдайды.

3. Балалардың тасымалдауын жүзеге асыратын жүргізушилерге қойылатын талаптар

8. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушилерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуши қуәлігі және жүргізушинің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар;

3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және жол қозғалысы ережесін өрескел бұзбаған.

Балаларды тасымалдауға жіберген ұйымдағы жүргізушинің жұмыс өтілі үш жылдан кем болмауы тиіс.

9. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне рұқсат етілмейді:

1) сағатына 60 км артық жылдамдықпен жүргүзуге;

2) жүру маршрутын өзгертуге;

3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, бағажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;

4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;

5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;

6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;

7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмай шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

4. Қорытынды ережелер

10. Алға ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау бойынша осы тәртіппен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК